

Ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 781 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.28 N 781 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесі;

2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.08. N 318 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.27. N 1301 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына :

5-тармақтың 2) тармақшасында:

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мал шаруашылығы өнімін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу " ;

3) "2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері және Мемлекеттік астық ресурстарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесі мен Мемлекеттік астық ресурстарының орнын ауыстыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 9, 103-құжат)

:

3-тармақтың 2), 3) тармақшалары алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 27 наурыздағы

№ 371 қаулысымен

бекітілген

Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 16 мамырдағы Заңының 24-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сондай-ақ отандық астық рыногының теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ерекше тәртібін белгілейді.

3. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамы астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алудың тапсырыс берушісі болып табылады.

4. Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды тапсырыс беруші өзінің иелігіндегі ақшаның есебінен жүзеге асырады.

2. Астықты мемлекеттік сатып алу тәртібі

5. Астықты мемлекеттік сатып алу көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдерде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру үшін астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті жылға арналған астықты мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы шешімімен анықталатын астықты көктемгі-жазғы қаржыландыруға және күзгі сатып алуға арналған сомалар мөлшерінде бір жолғы төлемдермен тапсырыс берушіге бюджет қаражатын аударуды жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 5-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.12. N 522

қ а у л ы с ы м е н

6. Астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін тапсырыс беруші: егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, сатылып алынатын астықтың номенклатурасы мен көлемін, астықты сатып алу бағаларын а й қ ы н д а й д ы ;

бағалау комиссиясын (бұдан әрі - комиссия) құрады; аптасына бес реттен кем шықпайтын және Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан жері, ықтимал өнім берушілердің өтінімдер беру мерзімдері мен орны, сондай-ақ тапсырыс беруші айқындайтын басқа да қажетті ақпарат көрсетілетін хабарландыруларды жариялауды қамтамасыз етеді. Тапсырыс берушінің облыстық өкілдіктері орналасқан жер бойынша аптасына екі реттен кем шықпайтын және тиісті облыстың бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында астықтың номенклатурасы, сатып алу бағалары, орны, мерзімдері және ықтимал өнім берушілердің астықты беру шарттары туралы ақпарат қамтылған хабарландыруларды, сондай-ақ тапсырыс берушінің облыстық өкілдіктері айқындайтын басқа да қажетті ақпараттарды жариялауды қамтамасыз етеді. Хабарландырулар өтініштерді қабылдау аяқталатын күнге дейін жиырма күннен кешіктірмей жариялануға тиіс.

7. Тапсырыс беруші азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервіне және астықтың мемлекеттік сату ресурстарына сатып алатын астық сапалық көрсеткіштері бойынша мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) азық-түліктік жұмсақ бидай:

табиғаты, г/л, кем емес - 730

ылғалдығы, %, артық емес - 13,5

дән маңызының салмақтық үлесі, %, кем емес - 23,0

арамшөп қоспасы, %, артық емес - 2,0

дәндік қоспа, %, артық емес - 4,5

қалған сапалық көрсеткіштер - ҚР СТ 1046-2001 үшінші сыныпты жұмсақ бидай үшін белгілеген нормалар шегінде;

2) азық-түліктік қатты бидай:

табиғаты, г/л, кем емес	- 750
дән маңызының салмақтық үлесі, %, кем емес	- 25,0
жылтырлығы, %, кем емес	- 60
арамшөп қоспасы, %, артық емес	- 1,0
дәндік қоспа, %, артық емес	- 4,0
қалған сапалық көрсеткіштер - ҚР СТ 1046-2001 үшінші сыныпты қатты бидай үшін белгілеген нормалар шегінде;	
3) екінші сыныпты арпа:	
табиғаты, г/л, кем емес	- 620
ылғалдылығы, %, артық емес	- 14,5
арамшөп қоспасы, %, артық емес	- 2,0
дәндік қоспа, %, артық емес	- 5,0
қалған сапалық көрсеткіштер мемлекеттік стандарт (МЕМСТ) 28672-90 с ә й к е с .	

8. Комиссияның құрамына тапсырыс беруші мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Ауылшармині) өкілдері е н г і з і л е д і .

9. Комиссияның дербес құрамы, сондай-ақ астықтың номенклатурасы, көлемі және сатып алу бағалары тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі.

10. Астықты мемлекеттік сатып алуды тапсырыс беруші астық берушілерден осы Ережеге сәйкес астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушілер ретінде айқындалған астық қабылдау кәсіпорындарында жүзеге асырады.

11. Астықты мемлекеттік сатып алуға қатысуға мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқықтық қабілеті бар, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, тиісті салық органында есепте тұрған заңды немесе жеке тұлғаларға рұқсат етіледі.

12. Азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервіне және астықтың мемлекеттік сату ресурстарына астық беруді ұсынатын ықтимал астық игерушілердің осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау үшін тиісті облыстың әкімдігі жұмыс тобын құрады, облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік етуші орынбасары оның жетекшісі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жұмыс тобының құрамына Ауылшарминінің облыстық аумақтық органының, облыс әкімі ауыл шаруашылығы департаментінің (басқармасының), жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның, статистикалық, салық органдарының өкілдері және тапсырыс берушінің облыстық өкілдігінің д и р е к т о р ы е н г і з і л е д і .

Жұмыс тобының жетекшісі мен мүшелері тиісті облыс әкімнің шешімімен

б е к і т і л е д і .

13. Азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервіне және астықтың мемлекеттік сату ресурстарына астық беруді ұсынатын ықтимал астық берушілер жұмыс тобына осы Ереженің 15-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

14. Жұмыс тобы ықтимал астық берушілер өтінімдерінің түсуіне қарай: өтінімдерді олардың толықтығы және осы Ереженің 11 және 15-тармақтарында баяндалған талаптарға сәйкестігі тұрғысында қарайды; астықты мемлекеттік сатып алуға қатысуға ұсынылатын облыс бойынша ықтимал астық берушілердің тізбесін жасайды, жұмыс тобының басшысы мен мүшелерінің қолдарымен растайды және оны осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса комиссияға жібереді.

15. Ықтимал астық беруші комиссияға, ал осы Ереженің 13-тармағында көзделген жағдайда тиісті жұмыс тобына мынадай құжаттардан тұратын өтінімді ұ с ы н а д ы :

1) көктемгі-жазғы кезеңде мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін: тапсырыс беруші бекітетін нысан бойынша жазбаша өтініш; екінші деңгейдегі банктің немесе Тапсырыс беруші анықтаған ұйымның ықтимал астық берушіге кепілдік беру ниеті туралы хаты. Мемлекеттік астық ресурстарына астық беруді ұсынатын ықтимал астық берушілер екінші деңгейдегі банктің ықтимал астық берушіге банктік кепілдік беру ниеті туралы хатын ұсынады. Кепілдік сомасы берілетін астық көлемінің құны және ол берілмеген немесе толық берілмеген жағдайда, тұрақсыздық айыбы мөлшерінде а н ы қ т а л а д ы ;

қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны туралы куәліктің көшірмесі не салықтық тіркеу нөмірі көрсетілген және ықтимал астық беруші бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатынын және қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтынын растайтын салық қызметі органдарының анықтамасы; заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігінің және статистикалық есеп куәлігінің не кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі (мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқықтық қабілеті б а р ы н р а с т а у ү ш і н);

2) күзгі-қысқы кезеңде мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін: тапсырыс беруші бекітетін нысан бойынша жазбаша өтініш; астықтың болуын куәландыратын астық қолхатының көшірмесі; қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны туралы куәліктің көшірмесі не салықтық тіркеу нөмірі көрсетілген және ықтимал астық беруші бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатынын және қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтынын растайтын салық қызметі органдарының анықтамасы.

Азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервіне және астықтың мемлекеттік

сату ресурстарына астық беруді ұсынатын астықты ықтимал берушілер өздері туралы қосымша ақпарат ұсынуы мүмкін.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.24. N 261 қаулысымен .

16. Ықтимал астық берушінің өтінімін қарау нәтижелеріне қарамастан, ықтимал астық беруші өз өтінімін дайындауға және тапсыруға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

17. Өтінімдер ұсынудың мерзімі өткеннен кейін ұсынылған өтінім қарауға жатпайды .

18. Комиссия өтінімдер және/немесе ықтимал берушілердің тізбелері түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде: ұсынылған құжаттарды қарайды және астықты мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын шығарады ;

тігілуі, нөмірленуі және комиссияның төрағасы мен мүшелерімен қол қоюы тиіс астық берушілердің тізілімін жасайды.

19. Комиссия отырыстары комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысуы шартымен өтеді. Шешім ашық дауыс беріп қабылданады және егер оған комиссияның қатысушы мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия отырысында қабылданған шешім тиісті хаттамамен ресімделеді және оған отырысқа қатысқан комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Комиссияның төрағасы болмаған жағдайда төрағаның функциясы тапсырыс берушінің шешімімен комиссия мүшелерінің біреуіне жүктеледі.

20. Комиссия астық берушілер тізілімін астықты мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін тапсырыс берушіге жібереді.

21. Тапсырыс беруші астық берушілердің тізіліміне сәйкес астық берушілермен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасады. Астықты мемлекеттік сатып алу туралы шарттар Ережеге N 1 және N 2 қосымшаларға сәйкес үлгі шарттың нысаны бойынша жасалады.

3. Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу тәртібі

22. Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін тапсырыс беруші:

астықты сақтау жөніндегі сатып алынатын қызметтер көрсетудің көлемі мен шекті бағаларын айқындайды ;

бағалау комиссиясын (бұдан әрі - комиссия) құрады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын мерзімді баспасөз басылымдарында тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан жері, астықты сақтау жөніндегі сатып алынатын қызметтер көрсетудің мерзімдері, шарттары мен шекті бағалары, астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілердің өтінімдерді беру орны мен соңғы мерзімі туралы мәліметтер, сондай-ақ тапсырыс беруші айқындайтын басқа да қажетті ақпарат көрсетілетін хабарландыруларды жариялауды қамтамасыз етеді. Хабарландырулар өтінімдердің қабылдануының аяқталу күнінен бастап жиырма күннен кешіктірмей жариялануға тиіс.

23. Комиссияның дербес құрамы, сондай-ақ астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетудің көлемі тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастырушы тұлғаның шешімімен бекітіледі.

24. Тапсырыс беруші астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушіні айқындау жөніндегі рәсімдерді жүргізбестен, бюджетті (бизнес-жоспарды) бекіткеннен кейін астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушілер өздерінің барлық шарттық міндеттемелерін тиісінше орындауы және осы Ереженің 25-тармағының талаптарын сақтауы шартымен олармен бұрын жасалған шарттардың қолданылу мерзімдерін ұзартуы мүмкін.

Бұл ретте сатып алуға бөлінетін қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс беруші берушілерден осы берушілер ұсынатын қызметтер көрсету бағасына барлық қажетті негіздемелерді сұрайды.

25. Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуға қатысуға астықты сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға бас лицензиясы бар астық қабылдау кәсіпорындары, оларда:

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;
жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар;
екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы шартымен рұқсат етіледі.

26. Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілер комиссияға мынадай құжаттардан тұратын өтінімді ұсынады:

тапсырыс беруші бекіткен нысан бойынша жазбаша өтініш;
кәсіпорын жарғысының нотариалды расталған көшірмесі;
мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы банктің (банктердің) анықтамасы;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы салық органының анықтамасы;

Қазақстан Республикасы уәкілетті органының облыстық аумақтық

басқармасы берген өсімдік карантині жөнінде бақылау жүргізу туралы акт.

Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал беруші өзі туралы қосымша ақпарат беруі мүмкін.

Ескерту. 26-тармақ толықтырылды (өзгеріс енгізілмеді) - ҚР Үкіметінің 2004.09.28. N 989қбпү қаулысымен, өзгеріс енгізілді - 2005.03.24. N 261 қаулысымен .

27. Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал беруші астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушінің өтінімін қарау нәтижелеріне қарамастан, өз өтінімін дайындауға және тапсыруға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

28. Өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін ұсынылған өтінім қарауға жатпайды .

29. Комиссия астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілердің өтінімдер түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде: ұсынылған құжаттарды қарайды және астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын шығарады; тігілуі, нөмірленуі және комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қоюы тиіс астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілердің тізілімін жасайды .

30. Комиссияның отырыстары комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуы шартымен өтеді. Шешім ашық дауыс беріп қабылданады және егер оған комиссияның қатысушы мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия отырысында қабылданған шешім тиісті хаттамамен ресімделеді және оған отырысқа қатысқан комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Комиссияның төрағасы болмаған жағдайда төрағаның функциясы тапсырыс берушінің шешімімен комиссия мүшелерінің біреуіне жүктеледі.

31. Комиссия астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушілер тізілімін астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу үшін тапсырыс берушіге жібереді.

32. Тапсырыс беруші астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушілер тізіліміне сәйкес астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді игерушілермен мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасады. Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген астық қабылдау кәсіпорны мен астықтың иесі арасындағы үлгі көпшілік шарттың нысаны бойынша жасалады.

4. Астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу тәртібі

33. Астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін тапсырыс беруші:

астықты тасымалдау жөніндегі сатып алынатын қызметтер көрсетудің көлемін және шекті бағаларын айқындайды;

бағалау комиссиясын (бұдан әрі - комиссия) құрады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын мерзімді баспасөз басылымдарында тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан жері, астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетудің мерзімдері мен шарттары, астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілердің өтінімдер беру орны мен соңғы мерзімі туралы ақпараттар, сондай-ақ тапсырыс беруші айқындайтын басқа да қажетті ақпарат көрсетілетін хабарландыру жариялауды қамтамасыз етеді. Хабарландырулар өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін он күннен кешіктірмей жариялануға тиіс.

34. Комиссияның дербес құрамы, сондай-ақ астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетудің көлемі тапсырыс берішінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі.

35. Астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуға қатысуға заңды тұлғалар немесе жеке кәсіпкерлер болып табылатын астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілерге, о л а р д а :

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар;

екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы шартымен рұқсат етіледі.

36. Астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілер комиссияға мынадай құжаттардан тұратын өтінімді ұсынады:

тапсырыс беруші бекіткен нысан бойынша жазбаша өтініш;

жарғының нотариалды расталған көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы банктің (банктердің) анықтамасы;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы салық органының анықтамасы.

Егер көліктің жекелеген түрлерімен тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге

асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен лицензия алу қажет болған жағдайда көліктің тиісті түрімен тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал беруші Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген лицензияның көшірмесін ұсынуы тиіс.

Астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал беруші өзі туралы қосымша ақпарат беруі мүмкін.

37. Астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал беруші астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушінің өтінімін қарау нәтижелеріне қарамастан, өз өтінімін дайындауға және тапсыруға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

38. Өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін ұсынылған өтінім қарауға ж а т п а й д ы .

39. Комиссия астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілерден өтінімдер түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

ұсынылған құжаттарды қарайды және астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын шығарады;

тігілуі, нөмірленуі және комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қоюы тиіс астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ықтимал берушілердің т і з і л і м і н ж а с а й д ы .

40. Комиссияның отырыстары комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуы шартымен өтеді. Шешім ашық дауыс беріп қабылданады және егер оған комиссияның қатысушы мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия отырысында қабылданған шешім тиісті хаттамамен ресімделеді және оған отырысқа қатысқан комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Комиссияның төрағасы болмаған жағдайда төрағаның функциясы тапсырыс берушінің шешімімен комиссия мүшелерінің біреуіне жүктеледі.

41. Комиссия астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушілер тізілімін мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасу үшін тапсырыс б е р у ш і г е ж і б е р е д і .

42. Тапсырыс беруші астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушілер тізіліміне сәйкес астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді берушілермен мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасады. Астықты тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес бекітілген мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарттың нысаны бойынша жасалады.

Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесіне
N 1 қосымша

Көктемгі-жазғы кезеңде астықты мемлекеттік сатып алу туралы ҮЛПТ ШАРТТЫ

_____ қаласы _____ жылғы "___" _____
Бұдан әрі **"Тапсырысшы"** деп аталатын, _____
негізінде әрекет ететін _____ атынан _____
бір тараптан және бұдан әрі **"Жеткізуші"** деп аталатын, _____
негізінде әрекет ететін _____ атынан _____
_____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп
аталатындар төмендегі туралы осы Шартты (бұдан әрі - шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Шартқа сәйкес және оның талаптарымен "франко-элеватор - EXW" (Инкотермс-2000) талаптарымен _____ жылғы "___" _____ қоса алғанға дейінгі мерзімде _____ жылғы егіннен есепке алынған табиғи салмақпен бұдан әрі - астық _____ тонна көлеміндегі (дақыл, сыныбы) мынадай сапа көрсеткіштерімен Жеткізуші сатады, ал Тапсырысшы сатып алады:

_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

қалған сапа көрсеткіштері _____ белгіленген нормалар шегінде.

1.2. Жеткізуші шарттың 1.1-тармақшасында көрсетілген көлемді белгіленген тәртіппен Тапсырысшы астықты сақтауға іріктеп алған астық қабылдау кәсіпорындарына (бұдан әрі - кәсіпорындар) жеткізеді.

2. Астықтың бағасы, шарттың сомасы

2.1. Шарттың 1.1-тармақшасында көрсетілген сапа көрсеткіштері бойынша сай келетін астықтың есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасының бағасы "франко-элеватор - EXW" (Инкотермс-2000) талаптарымен қосылған құн салығын қоса алғанда және бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын тұлғалар үшін қосылған құн салығын есепке алмай, _____ (_____) теңгені қ ұ р а й д ы .

2.2. Шарттың жалпы сомасы _____ теңгені құрайды.

2.3. Кәсіпорында астықты қабылдауға және 1.1-тармақшада көрсетілген сапа көрсеткіштеріне дейін өңдеуге байланысты барлық шығыстарды Жеткізуші көтереді.

3. Төлем талаптары

3.1. Осы шарттың тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін Жеткізуші шартқа қол қойылған күннен бастап ____ банктік күн ішінде Тапсырыс берушіге шарттың 2.2-тармақшасында көрсетілген сомаға тең келетін, сондай-ақ шарттың жалпы сомасының ____%-ы мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын қамтитын сомаға Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің төлем кепілдігін немесе Тапсырыс беруші анықтаған ұйымның кепілдігін (бұдан әрі - Кепілдік) ұсынады. (Мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізушілер Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің төлем кепілдігін ұсынады).

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің осы тармақшада көрсетілген сомаға төлем кепілдігі мына банктердің біреуінен:

_____ свифт немесе телекс арқылы авизалануы тиіс.

Ескерту. 3-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.03.24. N 261 қаулысымен .

3.2. Жеткізуші шарттың 3.1-тармақшасында көрсетілген мерзімде кепілдікті ұсынбаған жағдайда Тапсырысшы Жеткізушіге осыған байланысты туындаған шығындарды және тұрақсыздық айыбын өтемей, жазбаша хабарлама жіберу арқылы шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

3.3. Кепілдіктің қолданылу мерзімі _____ жылғы "___" _____ қоса алғанға дейін болуы тиіс .

Кепілдікте Жеткізушінің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін банктің жауап беретіндігі және Жеткізуші қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда шарттың 3.1-тармақшасында көрсетілген Кепілдік сомасын Тапсырысшыға бірінші жазбаша талап ету бойынша сөзсіз және мерзімінде төлеуге міндетті екендігі көрсетілуі тиіс. Кепілдік қатаң түрде келісілген нысанда болуы тиіс.

Ескерту. 3-3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.24. N 261 қаулысымен .

3.4. Шарт бойынша ақы төлеу Жеткізуші шарттың 3.1 және 3.3-тармақшаларына сәйкес ұсынған Кепілдікті Тапсырысшы қабылдағаннан кейін ғана _____ күн ішінде жүзеге асырылады.

4. Тараптардың міндеттемелері

4.1. Жеткізуші міндеттенеді:

4.1.1. _____ жылғы " ____ " _____ қоса алғанға дейінгі мерзімде шарттың 1.1-тармақшасына сәйкес көлемде және сапа көрсеткіштерімен кәсіпорынға астықты орналастыруға және астық қолхатына беру жазбасын жасау арқылы астыққа меншік құқығын Тапсырысшыға беруге. Бұл ретте шарт бойынша нақты орындалған міндеттемелердің сомасына кейіннен Кепілдікті азайту үшін Тараптар қабылдап алу-беру актісіне қол қояды.

4.2. Тапсырысшы міндеттенеді:

4.2.1. 3.4-тармақшаға сәйкес Жеткізушіге уақтылы ақы төлеуді жүргізуге.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. _____ жылғы " ____ " _____ қоса алғанға дейінгі мерзімде Жеткізуші шарттың 1.1-тармақшасында көрсетілген астық көлемін жеткізбеген немесе толық жеткізбеген жағдайда Тапсырысшы ұсынылған Кепілдік бойынша талап ету құқығын пайдалана алады. Тапсырысшының шарттың 2.1-тармақшасында көрсетілген бағаға сәйкес жеткізілмеген (толық жеткізілмеген) астық көлемінің құны мөлшеріндегі талап ету сомасы, қосу есепке алынған табиғи салмақтың әрбір жеткізілмеген тоннасы үшін шарттың 2.1-тармақшасында көрсетілген бағадан тұрақсыздық айыбының ___ %-ы Кепілдіктен алынады.

Бұл ретте Жеткізуші әрбір жеткізілмеген астық тоннасы үшін Тапсырыс берушіге әрбір жеткізілмеген астық тоннасы құнының ___%-ы мөлшерінде айыппұлды қосымша төлеуге тиіс.

Ескерту. 5-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.24. N 261 қаулысымен.

6. Дауларды қарау

6.1. Шарттан туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешілетін болады.

6.2 Тараптар туындаған келіспеушіліктерді ерікті түрде реттей алмаған

жағдайда, олар Қазақстан Республикасының сот органдарында шешілетін болады

7. Басқа да талаптар

7.1. Жеткізушінің міндеттемелері бойынша форс-мажор талаптары осы шарттың талаптарына қолдануға келмейді.

7.2. Егер шартты орындау кезеңінде Тараптардың қандай да бірі астықты шарттың талаптарымен жеткізуді немесе қабылдауды қамтамасыз етуге бөгет болатын жағдайларға тап болса, шартпен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда өзге де талаптар екі Тарап та қол қойған шартқа қосымша келісімде айтылады.

7.3. Шарт Тараптар шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады. Шарттың 3.2-тармақшасында көрсетілген жағдайлар бола қалған жағдайда, Тапсырысшы Жеткізушіге жазбаша хабарламаны жіберген күннен бастап шарт бұзылған болып есептеледі.

7.4. Егер шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалып, оған Тараптар қол қойса, жарамды болады.

7.5. Шарт _____ тілінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 данада жасалды және оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

8. Тараптардың деректемелері:

Тапсырысшы	Жеткізуші
мен	Астықты және оны сақтау
тапсырысшы	жөніндегі
қызметтер	көрсетуді
мемлекеттік	сатып алуды
ұйымдастыру	және жүргізу
ережесіне	
№ 2 қосымша	

Күзгі-қысқы кезеңде астықты мемлекеттік сатып алу туралы ҮЛГІ ШАРТЫ

_____ қаласы _____ жылғы "_____" _____
Бұдан әрі "Тапсырысшы" деп аталатын, _____ негізінде әрекет
ететін _____ атынан _____ бір тараптан және бұдан әрі "

Жеткізуші" деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ атынан _____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар төмендегі туралы осы Шартты (бұдан әрі - шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Шартқа сәйкес және оның талаптарымен "франко-элеватор" (астық қабылдау кәсіпорнының атауы) - EXW (Инкотермс-2000) талаптарымен жылғы егіннен есепке алынған табиғи салмақпен _____ (_____) тонна көлеміндегі (дақыл, сыныбы) мынадай сапа көрсеткіштерімен Жеткізуші сатады, ал Тапсырысшы сатып алады:

_____, _____
_____, _____
_____, _____
_____, _____
_____, _____

қалған сапа көрсеткіштері _____ белгіленген нормалар шегінде.

1.2. Жеткізуші шарттың 1.1-тармақшасында көрсетілген астық көлемін _____ (астық қабылдау кәсіпорнының атауы) жеткізуге міндетті.

2. Тауардың бағасы, шарттың жалпы сомасы және жеткізілген тауар үшін есеп айырысу

2.1. Шарттың 1.1-тармақшасына сәйкес сапа көрсеткіштерімен астықтың есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасының бағасы "франко-элеватор" EXW (Инкотермс-2000) талаптарымен ҚҚС-ны қоса алғанда немесе ҚҚС төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін ҚҚС-ны есепке алмағанда _____ теңгені құрайды.

2.2. Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-ны қоса алғанда немесе ҚҚС төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін ҚҚС-ны есепке алмағанда _____ (_____) теңгені құрайды.

2.3. Жеткізілген астық үшін ақы төлеу Жеткізуші шарттың 3.1-тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындағаннан кейін _____ банктік күн ішінде жүргізіледі.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Жеткізуші міндеттенеді: шарттың 1.1-тармақшасына сәйкес сапа мен сан бойынша астық жеткізуге;

шартқа қол қойылған күннен бастап _____ банктік күн ішінде Тапсырысшыға толық құжаттар пакетін, оның ішінде:

астық қолхаты және оның куәліктері бойынша құқықтардың Тапсырысшыға өтетінін куәландыратын беру жазбасымен бірге берілетін астыққа астық қолхатының түпнұсқасын;

салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураның түпнұсқасын тапсыруға (салық салудың оңайлатылған режимінде жұмыс істейтін тұлғаларға арналған шот-фактура тиісті салық органының мөрімен куәландырылуы және оған басшының қолы қойылуы тиіс);

Тапсырысшыға астық қолхаты бойынша құқықтарды беру сәтіне дейін астық қабылдау кәсіпорнында астықты қабылдаған күннен бастап астықты сақтау жөніндегі шығыстарға, сондай-ақ астықты қабылдауға, шарттың 1.1-тармақшасында көрсетілген сапа көрсеткіштеріне дейін өңдеуге байланысты шығыстарға ақы төлеуге.

3.2. Тапсырысшы шарттың 2.3-тармақшасына сәйкес жеткізілген астық үшін ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жауап береді.

5. Форс-мажор жағдайлары

5.1. Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын, сол немесе басқа Тараптың қателесуіне немесе немқұрайлылығына байланысты емес және күтпеген сипаты бар оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар: соғыс қимылдары, табиғи және дүлей зілзалалар, індет, карантин және тауарларды жеткізуге эмбарго сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектеліп қалмайды.

5.2. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін болмай қалған Тарап тезарада басқа Тарапты бұл туралы хабардар етуге міндетті.

6. Дауларды қарау

6.1. Шарттан туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешілетін болады.

6.2. Тараптар туындаған келіспеушіліктерді ерікті түрде реттей алмаған

жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот органдарында шешілетін болады.

7. Басқа да талаптар

7.1. Шарт екі Тарап та қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалып, оған Тараптар қол қойса, жарамды болады.

7.3. Шарт _____ тілінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 данада жасалды.

Тапсырысшы	Жеткізуші
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	
2 0 0 4	ж ы л ғ ы
2 7	н а у р ы з д а ғ ы
№ 3 7 1	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген	

Мал шаруашылығы өнімін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесі

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.08. N 318 қаулысымен .